

Аудандық мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 98 "Тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 104 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 наурызда № 5309 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 193 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 02.03.2018 № 193 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексі) 422 бабына сәйкес, Әйтеке би аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әйтеке би аудандық мәслихатының қазақ тіліндегі 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 98 "Тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-2-70 тіркелген, 2009 жылғы 5 наурызда аудандық "Жаңалық жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" сөздері "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" сөздерімен ауыстырылсын ;

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімнің атауында, мәтінінде және № 1 қосымшасында "ставкаларының", "№ 1 қосымшаға", "№ 1 қосымша" сөздері "мөлшерлемелерінің", "қосымшаға", "қосымша" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би аудандық
мәслихаттың сессия төрағасы
Б.Сейлханов

Әйтеке би аудандық
мәслихаттың хатшысы
Е.Таңсықбаев

